

ULY DALA MURASY

QOLJAZBALAR JÁNE SIREK KITAPTAR ULTTYQ ORTALYGY



ДІН ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ МҰРАСЫ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ КИЕЛІ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ



Алпысбес Максат Алпысбесұлы
т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

Қазақ жеріндегі ислам дінінің тарихы, Құран ақиқаты, шарифат уағызы таралуы мәселесін қарастырғанда, қазақтың дәстүрлі ой-санасы, тарихи танымындағы дін ғұламаларының діни және ағартушылық қызметтері, діни білім дамыту саласындағы тарихи тұлғалардың өмірбаяндарын зерттеу аса маңызды. Мақалада елімізден шыққан дін ғұламалары Хазірет Сәдуақас Ғылмани, Мәшһүр Жүсіп, А.Ж.Машани және т.б. ғұламалардың шығармаларын зерттеу нәтижесінде басылып шыққан ғылыми еңбектер туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: дін ғұламалары, қолжазба, әдеби-діни мұра, дін тарихы, қазақ руханияты, ұлттық құндылық.

Сәкен қалпе есімімен бұқараға танылған дін ғұламасы, имам әрі кази Хазірет Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) жазып артына мұра етіп қалдырған қолжазбалары ішінде 1967-1972 жылдары жазылған «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегі [1] қазақ қоғамы үшін үлкен қазына және зерделі адамға тек мәлімет ғана емес, ата-бабалар жасаған, олар өмір сүрген заман туралы айқын түсінік қалыптастырып, зерттеушілердің ғылыми ізденісіне негіз болатын үлкен рухани және мәдени қазына болып табылады. Жалпы айтқанда, білімдар ірі ғалымның мұрасында 42 кітаптың

қолжазбасы сақталғанын зерттеуші Ә.Қ.Муминов мәлімдеді. Соның ішінде, 1946-1966 жылдар аралығында 20 жыл бойы жазылған «Араб-қазақ сөздігі» көлемді әрі терең еңбектердің бірі [2].

Қазақ жеріндегі ислам дінінің тарихы, Құран ақиқаты, шарифат уағызы таралуы мәселесін қарастырғанда, қазақтың дәстүрлі ой-санасы, тарихи танымындағы дін ғұламаларының діни және ағартушылық қызметтері, діни білім дамыту саласындағы тарихи тұлғалардың өмірбаяндарын зерттеу аса маңызды. XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы молда, ахун, пір, ишан, хазірет, мүрит, қожа, қари, қалпе,

мақсым, молла сияқты дін өкілі ретінде танылған қайраткерлердің жеке өмір тарихы мен артында қалған мұрасы, ізгі істері, даналығы маңызды. Сондықтан, «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты кітап құнды пайдасы зор еңбек болып табылады.

Бұл кітапты қолжазбадан жазуын ажыратып, баспаға кітап етіп даярлап жарыққа шығарған ғалым – танымал тарихшы, шығыс деректерінің білгірі әм білікті деректанушы, исламтанушы әрі дін тарихының зерттеушісі, оның ішінде исламдағы ханафи мазхабының Орталық Азияда қалыптасуы мен дамуын зер салып жіті зерттеген тарихшы, шығыстанушы, ғылым докторы, профессор Ә.К.Муминов пен америкалық исламтанушы ғалым, профессор Аллен Дж. Франк. Қазақстанның солтүстік-шығыс, оңтүстік Сібір өңіріндегі дін ислам ғұламалары, ханафилік мазһап, ишандар мектебі, әулиелер мен киелі орындар туралы профессор А. Дж. Франк зерттеп жазған еңбектер көп.

Алғашқы рет Хз. С.Ғылмани шығармаларын, оның ішінде көбіне әдеби еңбектерін – өлеңдер жинағын, «Ел-шежіре» баспасынан кітапты шығарған әдебиеттанушы ғалым Д.Қамзабекұлы [3]. Бұл еңбекте Хз. С.Ғылмани өмірі мен шығармашылығы және қолжазба мұралары, оны сақтаушылар туралы ақпараттар мен құнды деректер кітаптың алғысөзінде берілген. Ғұламаның мұрасын, оның ішінде өлеңдердің мазмұнын әдеби тұрғыда профессор Д.Қамзабекұлы бес топқа жіктеп қарастырады: көңіл-күй өлеңдері, діни-сюжеттік өлеңдер, насихат өлеңдері, арнау өлеңдері, жауап-хат өлеңдері. Кітап

соңында С.Ғылмани туындыларын баспа үшін реттеу және түсініктемеде мәтінде кездесетін арабша жазылған даналық сөздердің мағыналарының қазақша аудармасы бар. Осылайша Хз. Сәдуақас Ғылмани шығармаларында діни мысал, тәрбие сөзі, танымдық мақсаттағы пайғамбар сахабалары туралы, жеке өзінің мұң-зары, діни ой, туған, туыс, дос-жаран, таныстарымен өлең арқылы хат алысу мазмұнындағы өлеңдері берілген.

Бұл әдеби-діни мұраның тарихи тұлғаларды тану, персоналистика тұрғысында ғылманитану саласын дамытуға да тигізер пайдасы көп. Мысалы, бұл дерек қоғам мен әлеумет арқылы тарихи дәуірді танып білу үшін қажет ақпараттар санатында. Өз алдына жеке зерттеуге қосылатын материалдар. Бұл кітап жарыққа шыққан соң бес жыл өткенде, 2015 жылы Алматыда «Дайк-Пресс» баспасынан «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты кітабы басылып шығып, Хз. С.Ғылманидің рухани құнды мұраларының халыққа жетуінің жалғасы болды. Осы еңбек арқылы Хз. С.Ғылманидің Мәшһүр Жүсіп туралы жазған мұраларымен де таныс боламыз.

Мысалы, Хз. С.Ғылмани жазбасында «Мүбарак Жағыпар баласының жазғанынан көшірдім» деп, «Мәшһүр Жүсіп өз суретін өлеңмен танытқанын» келтіреді:

*Арғы атам Сүйіндік, Күлік затым,
Мәшһүр деген бір лақап, Жүсіп атым.
Қой көзді, қыр мұрынды, орта бойлы,
Ақ құба бидай өңді қияпатым.*

Иншалла осы сөзде жалғаным жоқ.

*Ешкімге бай деп назар салғаным жоқ,
Бір Құдайдың өзінен басқа жаннан,
Бір тиын үміт қылып барғаным жоқ.*

*Бір Құдайдың өзінен тиген соң дем,
Арыстанның аузынан асадым жем.
Мал жиып бай болайын демесем де,
Сондадағы болмадым ешкімнен кем, -*
деп, көшіріп жазған [2].

Профессор Ә.Қ.Муминов Қазақстанның аймақтарын ғылыми сапар максатында аралап, оңтүстіктен солтүстікке, шығыстан батысқа дейін жол жүріп, киелі орын, мешіт-медреселердің бұрын тұрған жерлері, жер асты мешіттері, қорымдардағы құлпытас жазуларын біршама зерттеді. «Шакпақ-Ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы» атты зерттеу еңбегінде Маңғыстау облысының Түпқараған ауданында орналасқан мазарат кешенінің эпитафия жазу ескерткіштерін 2009 жылы зерттеген [4]. 2010 жылы «Алматы туралы шығыс дереккөздері» атты еңбегінде ортағасырлық ғұламалардың еңбектерінде Алматы қаласы туралы тарихи мәліметтер талдауға алынды [5].

Осындай сапарлардың бірі Ертіс бойы, Баянауыл, Ерейментау жағын да қамтыды. Ғалымның жанына ерген шетелдік исламтанушы мамандар да қазақ даласында дін ислам берік орнап, өз заманында әр жерде діни ілім таратып, қазақ халқы үшін діни-әдеби дәстүрді түркі-мұсылмандық дәстүр негізінде жалғастырып дамытқан тарихи тұлғалар болғанына толыққанды көз жеткізді. Кітап мәтінін баспаға дайындаған, шығарушылары Ә.Қ.Муминов, А.Дж. Франк,

С.Моллақанағатұлы, А.Ш.Нұрманова, Ү.А.Өтепбергенова, Т.Ж.Жұманов мәтіннің аударылуы, түсініктемелердің жазылуына көп еңбек сіңірген. Хз. С.Ғылманидің осындай еңбектерінің жарыққа шығуы бұл құнды мұраның дін тарихы, ұлт тарихы, тұлғалар тарихы жайында, діни дәстүр, халықтың рухани ой-санасы, ұлттық құндылықтар мәселесі туралы да ой түйіп, білім дамытуға жол ашатыны, тәжірибе ретінде тарихнамаға да, деректану ісіне де қосатын үлесі бар екенін айту қажет. Соның бір мысалын осы мақала аясында қарастыруды жөн көрдік.

Хз. С.Ғылманидің қазақ руханияты, дін ғұламалары, молда Мәшһүр-Жүсіптің айтқан сөздері туралы, исламият насихаты жазылған қолжазбасы туралы алғашқы рет 2008 жылы Сайполла Моллақанағатұлының «Сәдуақас Ғылманұлы: Мәшһүр Жүсіп – молла әрі хазірет» атты көлемді мақаласынан оқып білдік [6, 180]. Бұл қолжазба туралы автор: «Кітапқа белгілі бір атау берілмеген. Кітапта Қызылжар қаласынан шыққан ғалымдар мен хазіреттер туралы әңгімелер жинақталған. Қазақ жерінің солтүстік жағындағы қалалар мен ауылдарда ұйымдастырылған мешіт-медреселер мен ондағы сабақ беру тәсілдері де сөз етіледі. Кітаптың қолжазбасы – қазақ тілінде жазылған, араб әрпімен, Ахмет Байтұрсынұлының үлгісі бойынша төте жазумен хатталған, арасында араб-парсы сөздері мен сөйлемдері кездеседі. Жазылған жері Алматы қаласы. Қолжазба кітабы түптелген, автор тарапынан нөмірленген, бас-аяғы мың елу алты беттен тұрады. Ішінде жазылмай қалған беттері мен сақтық